

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 мамырдағы № 14-99-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 7 маусымда № 5080 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 маусымдағы № 28-206-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 22.06.2020 № 28-206-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына сәйкес, Келес аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Келес ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Келес аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолдануын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Келес ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Келес аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың

хатшысының міндетін атқарушысы

А. Жузенов

С. Селтанов

Келес ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының (одан әрі – Заң) 10 бабына сәйкес әзірленіп, Келес ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттейді.

2. Заңдарда жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар деп аталатын қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен қарсылық білдірудің нысандары ретінде, сонымен қатар қоғамдық орындарда аштық жариялауды, киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыстар тұрғызуды және пикет қоюды түсіну керек.

2. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің тәртібі

3. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы Келес ауданының әкімдігіне өтініш беріледі.

Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының он сегіз жасқа толған уәкілдері береді.

4. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда беріледі.

Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның Келес ауданының әкімдігінде тіркелген күнінен бастап есептеледі.

5. Келес ауданының әкімдігі өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізу туралы өтінішберу кезінде осы тәртіптің 4 тармағының талаптары орындалмаған жағдайда (сөз – процедуралық талаптар жөнінде), ол митинг және тағы басқа өткізуден бас тартуға және бас тарту мазмұнында жауап қайтаруға негіз бола алмайды.

Мұндай жағдайда Келес ауданының әкімдігі жол берілген кемшілікті жаңа өтініш беру жолымен жоюды ұсына отырып, түсіндіру мазмұнындағы ресми жауап қайтарады. Жаңа өтінішті қарау мерзімі оның тіркелген күнінен бастап есептеледі.

7. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрациялар өткізу бойынша белгіленген тәртіппен берілген барлық өтініштерді қарау шеңберінде Келес ауданының әкімдігімен оларды ұйымдастырушыларға талқылау және көтерілген мәселелерді қарау үшін баламалы алаңшаларды, яғни шараны өткізетін басқа уақыт пен басқа орынды ұсынылуы мүмкін.

8. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізуге рұқсат беруден жергілікті атқарушы орган бас тартқан жағдайда немесе оны тыйым салу туралы шешім қабылданғанда, ұйымдастырушылар барлық дайындық шараларын тез арада тоқтатуға және бұл туралы ықтимал қатысушыларды хабардар етуге міндетті.

Шешімге қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады.

Ұйымдастырушылар өз еркімен дайындық шараларын тоқтату бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда (ұйымдастырушылық іс-әрекеттерінің жалғасқан жағдайларды қоса алғанда) әкімдік қалыптасқан жағдайларды және ықтимал тәуекелдерді есепке ала отырып, өз ресми интернет сайтында рұқсат етілмеген акцияларда қатысу жауапкершілігін ескере отырып, митинг жүргізуге бас тарту туралы, сондай-ақ мүмкіндігінше ұйымдастырушылар тарапынан заңсыз митингтерге және сондай сияқты іс-шараларға шақырулар орналасқан барлық ресурстарда ақпаратты орналастыру тиісті.

9. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

10. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтауға міндетті.

11. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

- 1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;
 - 2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;
 - 3) Келес ауданының әкімдігінің рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;
 - 4) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;
 - 5) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы азаматтарға, және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;
 - 6) жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларға алкогольдік немесе есірткілік масаң күйдегі тұлғалардың қатысуына;
 - 7) алкоголь өнімін, металл, шыны ыдыстағы өнімді, пиротехникалық бұйымдарды және пайдаланылуы адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі не жеке және заңды тұлғаларға материалдық нұқсан келтіруі мүмкін өзге де заттарды алып жүруге;
 - 8) қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға, біреудің ар-намысына тиетін немесе әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыруға бағытталған, сол сияқты жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын кемсітетін транспаранттарды, ұрандар және басқа да материалдарды (визуалды, аудио/видео) дайындауға және қолдануға;
 - 9) жиналыс, митингі, шеру, пикет және демонстрация өтетін орында: алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды, олардың балама түрлерін және прекурсорларды қолдануға тыйым салынады.
 - 10) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына тыйым салынады.
- Уәкілдер (ұйымдастырушылар) көзделген нормаларды бұзған жағдайда заңда белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.

12. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ азаматтар осы Заңмен белгіленген тәртіпті сақтап өткізілетін жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, пикеттерге және демонстрацияларға кедергі жасауға құқылы емес.

13. Егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, Келес ауданының әкімдігі бұларды өткізуге тыйым салады.

Бұқаралық шараларды темір жол су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді.

14. Келес ауданында жиналыстар, митингілер өткізу орны болып Келес аудандық орталық спорт алаңының аумағы белгіленсін.

15. Келес ауданының әкімдігімен белгіленген жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары видео бақылау камераларымен, сонымен қатар мобильды бейне жазба кешендерімен, орындықтармен, жарықпен және күл–қоқыс салатын жәшіктермен жабдықталады.

Келес ауданының әкімдігі бұл аумақтардың жиналуын және тазалығын қамтамасыз ету міндетті.

16. Келес ауданында шерулер мен демонстрациялар өткізу маршруттары болып Абай ауылындағы Т.Рысқұлов және Р.Табылдиева көшелері белгіленсін.

17. Пикет өткізу кезінде:

- 1) пикет өткізілетін объектінің алдында тұруға, отыруға;
- 2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;
- 3) пикеттің тақырыбы бойынша қысқа ұрандар, құлактандырулар қышқыруға рұқсат етіледі.

18. Пикетті өзге нысанға (митинг, жиналыс, шеру, демонстрацияға) өзгерту белгіленген тәртіппен Келес ауданы әкімдігінен рұқсат алу талап етіледі.

19. Келес ауданының әкімдігі бір күнде, бір уақытта және бір орында үшеуден аспайтын жеке дара пикетті өткізуге рұқсат беруі мүмкін.

Түрлі жеке дара пикеттерге қатысушылар бір-бірінен 50 метрден кем емес қашықтықта орналасуы немесе бір-біріне айқын көрініп тұруы қажет.

20. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде осы Заңның 4, 5 және 7-баптарында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтарында өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Келес ауданының әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуға тиіс.

Келес ауданының әкімдігі өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

Жиналыстар, митинг, шерулер, пикет және демонстрациялар кезіндегі күштер жолын кесу немесе әкімшілік істі қозғау туралы мәселесі акция мақсатына байланысты қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке елеулі түрде ықпал етуі мүмкін немесе әсер еткен жағдай болған кезде ғана қойылады, сондай-ақ бір немесе мына жағдайларда:

- 1) бұзушылық анық және өрескел болып табылған жағдайда;
- 2) әкімшілік жауапкершілікке тарту профилактикалық әсерге әкеліп соғатынына жоғары мүмкіндік болған кезде;
- 3) ұйымдастырушы болып табылатын тұлға жоғары тәуекелге алып келеді және де оған әкімшілік қамау қолдануды талап етеді.

Басқа жағдайларда жиналыстар, митинг, шерулер, пикет және демонстрация кезінде күштер жолын кесуден және жауапкершілікке тартуды барынша бас тарту, жағдайдың мониторингімен шектеліп және түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

3. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік

21. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысушылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін заңдарда белгіленген тәртіп бойынша өтем жасалуға тиіс.

Жиналыс, митинг, шеру, пикет, демонстрация өткізілетін жерде қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және радиоландыру жөніндегі туындаған барлық қосымша шығындарды оларды ұйымдастырушылар өтейді.

22. Жиналыстар мен митингілерді ұйымдастырудың және өткізудің Заңмен белгіленген тәртібі еңбек ұжымдарының және қоғамдық бірлестіктердің заңдарға, өздерінің жарғылары мен ережелеріне сәйкес жабық үй-жайларда өткізілетін жиналыстарына қолданылмайды.